


**АҚТАУ ҚАЛАЛЫҚ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ
АППАРАТЫ**



**АППАРАТ
АКТАУСКОГО ГОРОДСКОГО
МАСЛИХАТА**

130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
Ақтау қаласы, 4 шағын аудан, қоғамдық ұйымдарының ғимараты,
тел./факс: 8 (7292) 33-67-27, телефон: 8 (7292) 33-67-26, 33-67-25

130000, Республика Казахстан, Мангистауская область,
город Актау, 4 микрорайон, здание общественных организаций,
тел./факс: 8 (7292) 33-67-27, телефон: 8 (7292) 33-67-26, 33-67-25

09.06.16 №01-40/249

**Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Сот төрағасы
Қ.Ә.Мамиге**
010000, Астана к., Д.Қонаев көшесі, 39

**Қазақстанның республикалық
адвокаттар коллегиясының
төрағасы
А.Қ.Түгелге**
010000, Астана к., Орынбор, 8, Министрлік үйі,
3 кіреберіс, 108 кеңсе

Бірнеше жылдан бері Маңғыстау жұртшылығын, соның ішінде, Ақтау қалалық мәслихаты депутаттарын, көпбалалы Марковтар отбасының өз иелігіндегі жеке меншік мүлкіне конституциялық құқығының сақталуы алаңдатты.

Бұл отбасының тағдырына бей-жәй қарай алмаған қала тұрғындары Марковтардың жер учаскесін сатып алып, өз күштерімен үй тұрғызып, бес жылдан астам тұрған жер учаскелерін сақтап қалу үшін бастамшыл топ құрып, қолдау көрсетті.

Міне, нәтижесінде, ақиқат анықталып, жер учаскесіне меншік құқығын тануды талап еткен Марковтардың шағымы Ақтау қаласы №2 сотының судьясы Наталья Юрьевна Комарованың төрағалығымен 2016 жылдың 3 мамырында қаралып, талапты қанағаттандыру туралы шешім шықты.

Осы күрделі шиеленіскен азаматтық мәселені жете, жан-жақты, әділетті де бейтарап қарап, жоғары кәсіби деңгейде заң талаптарына негізделген ақиқат шешім шығарған Ақтау қаласы №2 сотының судьясы Наталья Юрьевна Комароваға осы хат арқылы жұртшылықтың алғысын білдіремін.

Қала тұрғындарының бастамшыл тобының өтінішін жерге қалдырмай, Марковтар отбасына сот алдында мүддесін қорғауда білікті заңды көмекті тегін көрсеткен Маңғыстау облысы адвокаттар коллегиясының адвокаты Радик Сәкенұлы Өмірболатовтың шеберлігіне, жоғары кәсіпқойлығына, жат мұңына немқұрайлы қарамағандығына халық риза.

Қазақстан Республикасының	
Жоғарғы Соты	
13	06 2016ж.
Кіріс № 10/5/	Бер

004712

Н.Ю.Комарова сияқты судьялардың, Р.С.Өмірболатов сияқты адвокаттардың еңбектерінің нәтижесі халқымыздың әділеттілікке, Мемлекетіміздегі заң салтанатына, Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарының басымдылығына сенімін нығайтады, Мәңгілік Еліміздің сот жүйесінің имиджін арттырады.

Ақтау қалалық мәслихаты депутаттарының атынан,

Қалалық мәслихат хатшысы



М. Молдағұлов